

Андреевка селолық округі әкімінің 2009 жылдың 5 маусымындағы № 5 "Андреевка селолық округінің Октябрьское селосының көшелеріне атау тағайындау туралы" шешіміне өзгертулер енгізу туралы

Ақмола облысы Шортанды ауданы Андреевка селолық округі әкімінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 7 шешімі. Ақмола облысы Шортанды ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 қазанда № 1-18-96 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1998 жылдың 24 наурызындағы «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 27, 28 бабтарына сәйкес Андреевка селолық округінің әкімі **Ш Е Ш Т І :**

1. Андреевка селолық округі әкімінің 2009 жылдың 5 маусымындағы № 5 «Андреевка селолық округінің Октябрьское селосының көшелеріне атау тағайындау туралы» шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-18-74 тіркелген, аудандық «Өрлеу» газетінің 2009 жылдың 18 шілдедегі № 28 санында, аудандық «Вести» газетінің 2009 жылдың 18 шілдедегі № 28 санында жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

кіріспедегі «4 тармағына» сөзі «4) тармақшасына» сөзіне өзгертілсін; шешімнің 2 тармағындағы мемлекеттік тілдегі «10» цифрлары «он» сөзіне өзгертілсін.

2. Осы шешім Шортанды ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа кіреді.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Әкімінің міндетін
атқарушы *А.Шевченко*